

Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 желтоқсан N 1649.

Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.04.14. N 559 қаулысымен. ~P970559

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес осы аппарат қызметкерлерінің шекті саны негізінде 61 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігіне министрдің 2 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ саны 11 адамдық алқа ұстауына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт

министрлігі үшін 3 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1786 қаулысы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 мамырдағы N 583 қаулысының 2-тармағы.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 27 желтоқсандағы
N 1649 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм
және спорт министрлігі орталық аппаратының

ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Жастар ісі жөніндегі басқарма

Туризм басқармасы

Спорт басқармасы

Ұйымдастыру жұмысы басқармасы

Қаржы-экономикалық бөлімі

Бухгалтерлік есеп бөлімі

Техникалық қызмет көрсету және спорт ғимараттарын, туристік объектілерді пайдалану және жастар кәсіпорындарының бөлімі

Дене мәдениеті-сауықтыру жұмысы бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК